

«Бекітемін»

ЖШС менгерушісі: Д.Албаев



Тарбиневи: Сексембаева.М

Төп: «Қыпғалдақ» мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Қазақ тілі	Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеу барысында негізгі ұғымдарды еркін қолдана алуға үйрету
Қазан		Тілдік дамытушы орта:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен,киім-кешегімен,азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен суреттер арқылы танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік артикуляциялық аппаратты,тыныс алуды және таза дикцияны дамыту,қазақ тіліне тән қ,ұ,ұ дыбыстарын,осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру
Қараша		Тілдік дамытушы орта:Тұрмыста,аң аулауда,мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен танысу және атауыларын атау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту,қазақ тіліне тән і,ғ,ң,һ дыбыстарын,осы дыбыстардан тұратын сөздерді айтуға дағдыландыру. Сөздік қор:Азық-түлік атауларын (бидай,күріш,,арпа,жүгері,талқан,тары,жент,құрт,сүзбе,шұбат,қымыз,айран сөздермен толықтыру.
Желтоқсан		Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері,әсем табиғаты,тарихи орындары туралы суреттерден альбомдар жасау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қор:Тұрмыстық заттарды білдіретін оның ішінде аншылық кәсіпті (аң,аңшы,орманшы,корықшы) сөздермен

Қаңтар		толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы:Сөздерді жіктеп,септеп қолдана білуді,интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы,сұраулы,лепті) ажыратып,сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Тілдік дамытушы орта Егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туган өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдыкталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы,ортасы,соңы). Сөздік қор:Тұрмыстық заттарды білдіретін соның ішінде мал өсіруге байланысты (қора,жайлау,қыстау,жем,астау,соғым,сыбаға) сөздерімен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы:Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолдана білуді қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу:Өз бетінше қарым-катнас жасауға,әңгімелесуге,әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға,сұрақтарды дұрыс қоюға,оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.
Ақпан		Тілдік дамытушы орта: Ауызекі сөйлеуде мақам-мәтелдерді,көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету,ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Сөздік қор: Тұрмыстық заттардың ішінде егіншілік кәсіпке байланысты(дән,тұқым,суару,отау,ору,диірмен,орақ,кетпен,шалғы,айыр,күрек,тырма,соқа) сөздермен толықтыру.
Наурыз		Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын»,«туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары,ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату,жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу

Сәуір		Байланыстырып сойлеу Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Мамыр		Байланыстырып сойлеу: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және сонын ойдан құрастыруға баулу.